**Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету келісім шарты**

**Ақсу-Аюлы ауылы** «04» 09 2023 ж

Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Шет ауданының орталық ауруханасы» КМК Жарғысының негізінде әрекет ететін директор **Аманжолов Алпыс Жанатұлы** және Қарағанды облысы білім басқармасының «Шет ауданының білім бөлімі» ММ басшысы **Смағұл Елдос Жарылғапұлы** төмендегі қосымшаға сәйкес ауданның барлық білім алушыларына медициналық қызмет көрсету туралы осы шартты жасасты.

## 1.Келісім шарттың мәні

**1.1.** Осы келісімшарт кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсету шеңберінде мектептегі балаларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мақсатында мамандардан медициналық қызмет көрсетуге міндеттенеді.

**1.2.** Бюджеттік қаражат есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметкердің көрсетілімдерін ескере отырып, осы шарт өтеусіз негізде және белгісіз мерзімге жасалады.

## 2.Тараптарының міндеттемелері.

**2.1. Денсаулық сақтау мекемесінің міндеттері:**

2.1.1. Медициналық пункт орналастыру үшін мектептен кабинет бөлінуін және мектепте оқитын балаларға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызмет көрсету.

2.1.2. Медициналық қызмет көрсетуді мектепте орналасқан медициналық кабинеттерде медицина қызметкері қызмет етеді.

2.1.3. Медициналық қызмет көрсетудің уақыттылығы мен сапасын бақылауды жүзеге асырады.

**2.2 Білім беру мекемесінің міндеттері:**

2.2.1 Балаларға медициналық көмек көрсету үшін арнайы кабинет бөлуді қамтамасыз ету.

2.2.2. Медициналық қызметкеріне мектептегі балаларға медициналық көмек көрсетудің төтенше жағдайлары туралы хабардар ету.

2.2.3. Тараптар жағынан медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыру кезінде өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге міндеттеледі. Оның ішінде медициналық манипуляцияларды жоспарлы медициналық тексеру.

## 3. Тараптардың жауапкершілігі

Scanned with ACE Scanner

3.1. Тараптар мектептің медициналық кабинеттерінде уақытылы және сапалы медициналық қызмет көрсетілгені үшін ортақ жауапкершілікте болады.

3.2 Заңнама талаптары бұзылған жағдайда тараптар ҚР заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

**4. Қорытынды ережелері**

4.1 Тараптар Денсаулық сақтау мен Білім берудің жоғарғы тұрған уәкілетті мемлекеттік органдарын қоса алғанда озық шарттар арқылы шешуге міндеттенеді.

4.2 Осы Шарт талаптары қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Белгіленбеген мерзім қолданылады.

4.3 Білім беру қызмет көрсету аумағының орналасқан жері өзгерген жағдайда немесе тараптардың іс-әрекетіне және ерік-жігеріне бағынбайтын өзгеде жағдайларда шарт талаптардың келісімі бойынша әсер етуі мүмкін.

4.4 Осы Шарт талаптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі дана жасалады.

**5. Тараптардың қолдары**

| | |
|---|---|
| «Шет аудандық орталық ауруханасы» КМК директоры<br>А. Ж. Аманжолов<br>______________ | «Шет ауданының білім бөлімі» ММ басшысы<br>Е.Ж. Смағұл<br>______________ |